

**«КЕЛІСЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің І-Вице-президенті  
м.а \_\_\_\_\_ П.Пилтен  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің президенті  
\_\_\_\_\_ Б.Абдрасилов  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_\_ ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ  
УЕ-ХҚТУ-006-2019**

**ЖОО ДЕЙІНГІ ДАЙЫНДЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНЕ СТУДЕНТТЕРДІ  
(ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ) ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен және ЖОО дейінгі дайындық факультетімен

*ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ*

2. Әзірлегендер – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ниязов  
– Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары Ш.Булент  
– ЖОО дейінгі дайындық факультет деканы А.Гүнгөр  
ЖОО дейінгі дайындық факультетінің оқу-әдістемелік ісі-жөніндегі декан орынбасары М.Сұлтанбек
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Ө.Үмбетов  
– Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті П.Пилтен  
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев  
– Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.Абсеметов  
– Білімгерлерді қабылдау мәселесі бойынша ректор кеңесшісі Е.Төлегенов
- Енгізілді – 2019 ж.  
Тексеру мерзімі – 2021 ж.

**Түркістан, 2019**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің–2 ші беті</b>

### Мазмұны

1. Мақсаты	3
2. Қолдану аясы	3
3. Негіздеме	3
4. Қысқартылған сөздер	3
5. Туркия Республикасы және түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушы қабылдау тәртібі	4
6. ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын талапкерлерді қабылдауға қатысты тәртібі	5
7. Туркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыларды іріктеу тәртібі	5
8. Туркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан өтініш білдірген талапкердің құжаттарын бағалау және онлайн тест қабылдау тәртібі	6
9. Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын тыңдаушыларды іріктеу	7
10. Оқуға қабылданған білімгерлерді тіркеу тәртібі	7
11. Қабылдауға байланысты басқа да жұмыстарды жүргізу тәртібі	8
12. Ережеде қарастырылмаған жайттар	9
13. Өзгерістерді енгізу тәртібі	9
14. Келісу сақтау және тарату	9
15 Қосымша	10
Өзгерістерді тіркеу парағы	11

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің-3 ші беті</b>

## **1. Мақсаты**

1.1. Бұл ереженің мақсаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ЖОО дейінгі дайындық факультетіне Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ және ҚР азаматтарының тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын тыңдаушыларды конкурс арқылы іріктеп қабылдау және орналастыру мен шәкіртақы тағайындау тәртібін реттеу болып табылады.

## **2. Қолдану аясы**

2.1. Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ЖОО дейінгі дайындық факультетіне Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлтты қазақ және ҚР азаматтарының тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын студенттерді (тыңдаушы) конкурс арқылы іріктеп қабылдау және орналастыру мен студенттерге (тыңдаушы) берілетін шәкіртақыға қатысты жұмыстарды қамтиды.

## **3. Негіздеме**

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;
- "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысы (жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 07.02.2019ж. №39 қаулысы);
- «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығы;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес мәжілісінің шешімдері;

## **4. Қысқартылған сөздер**

Осы ережеде берілген:

4.1. ТТЕ грант: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі тарапынан оқу шығындары мен ай сайынғы шәкіртақылары төленетін студент контингенттері;

4.2. Грант: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі тарапынан оқу шығындары мен ай сайынғы шәкіртақылары төленетін студент контингенттері;

4.3. Қабылдау комиссиясы: Өтініш білдірген талапкерлердің құжаттарын тексеріп, ұйымдастыру комиссиясына ұсынатын комиссия;

4.4. Ұйымдастыру комиссиясы: Университет пен тиісті мемлекет және қауымдастықтар арасындағы ресми хат алмасуларды жүргізетін, сондай-ақ студенттерді (тыңдаушы) іріктеу мен орналастыру жұмыстарын нәтижелендіретін комиссия;

4.5. ҰБТ: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан жүргізілетін ұлттық бірыңғай тест;

4.6. Өкілетті Кеңес: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңесі;

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің-4 ші беті</b>

4.7.ӨІОО: Түркия Республикасының өлшеу, іріктеу және орналастыру орталығы;

4.8.СІОЖ: Түркия Республикасының студент іріктеу және орналастыру жүйесі;

4.9.Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Президенті;

4.10.Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің І вице-президенті;

4.11.Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректораты;

4.12.Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін білдіреді;

4.13.АРО: Акредитация және рейтинг орталығы.

## **5. Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушы қабылдау тәртібі**

5.1.Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардың жалпы білім беретін мектептерін немесе колледждерін бітірген азаматтары қабылданады.

5.2.Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар мен олардан қабылданатын білімгерлер контингенті Ректораттың ұсынысы негізінде Өкілетті кеңеспен анықталады.

5.3.Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келетін білімгерлерге берілген орынның мемлекеттерге қарай бөлінісі және оларға берілетін Түркия квотасының саны Өкілеті Кеңес тарапынан бекітіледі.

5.4.Өкілетті Кеңес тарапынан мемлекеттер мен қауымдастықтарға бөлінген орындарға контингент толмаған жағдайда бос қалған контингенттерді басқа түркі тілдес елдер мен қауымдастықтарға үлестіру ректор және ректор өкілі құзыретіне беріледі.

5.5.Түркия Республикасының студенттеріне (тыңдаушы) конкурс арқылы іріктеу жұмыстары ӨІОО тарапынан СІОЖ-мен жүргізіледі.

5.6.Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасынан басқа елдерден университетке қабылданатын студенттер (тыңдаушы), ректорат тарапынан құрылған Қабылдау комиссиясы ұсынысымен Ұйымдастыру комиссиясы қабылдаған құжаттар мен емтихандар нәтижесімен іріктеледі.

5.7.Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар контингентіне ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ талапкерлер қабылданбайды.

5.8.Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім гранты(ТТЕ грант) және Түркия квотасы негізінде оқуға қабылданатын студенттерден (тыңдаушы) басқа, Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген талапкерлер ақылы негізде қабылданады.

5.9.Ақылы негізде қабылданатын Түркия Республикасының азаматы ӨІОО тарапынан ұйымдастырылатын іріктеу емтиханы нәтижесі арқылы қабылданады.

5.10.Ақылы негізде оқуға қабылданған студенттер (тыңдаушы) ЖОО дейінгі дайындық факультетімен қоса барлық курстарды ақылы негізде оқиды. Студенттердің (тыңдаушы) оқуға төлейтін төлемақысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ректорат тарапынан анықталады.

5.11.Ақылы негізде оқитын студенттерді (тыңдаушы) іріктеу жұмыстары жоғарыдағы тәртіп бойынша Ректорат тағайындаған Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан жүргізіледі. Ақылы негізде оқуға қабылданған студенттерге (тыңдаушы) университет тарапынан шәкіртақы және жол ақы төленбейді.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің-5 ші беті</b>

5.12. Ақылы негізде қабылданған студенттерді (тыңдаушы) дайындық курсына оқу барысында GPA балы жоғары болған жағдайда босаған гранттық орындар конкурсына қатысу мүмкіндігі бар.

5.13 Студенттерді (тыңдаушы) конкурс арқылы іріктеу жұмыстары әр жылдың наурыз-шілде айларының ішінде жүргізіледі.

## **6. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен Тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын талапкерлерді қабылдау тәртібі**

6.1. ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ және Тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын, білім алушылар контингентіне жалпы білім беретін мектептер немесе колледждер бітірген азаматтар қабылданады.

6.2. Тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын және ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ білімгерлер контингенті мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық негізде оқуға қабылданады.

6.3. Тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын және ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ, талапкерлері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім гранты негізінде оқуға қабылданатын студенттерден (тыңдаушы) басқа, ақылы негізде оқуға қабылданады.

6.4. Ақылы негізде оқитын студенттерді (тыңдаушы) іріктеу жұмыстары Ректорат тағайындаған Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан жүргізіледі. Ақылы негізде оқуға қабылданған студенттерге (тыңдаушы) университет тарапынан шәкіртақы және жол ақы төленбейді.

6.5. Студент (тыңдаушы) қабылдау жұмыстары әр жылдың тамыз-қазан айларының ішінде жүргізіледі.

## **7. Түркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген тыңдаушыларды іріктеу тәртібі**

7.1. Студентті (тыңдаушы) конкурс арқылы іріктеу тәртібі

7.1.1. Студентті (тыңдаушы) конкурс арқылы іріктеу және орналастыру жұмыстары Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан жүргізіледі. Ұйымдастыру комиссияның құрамы университет ректорының бұйырығымен бекітіледі. Ұйымдастыру комиссиясы талапкерлердің өтініштері қабылданатын және олардан онлайн емтихан қабылдайтын кезде өз міндетін атқарады.

7.2. Ұйымдастыру комиссиясының талапкерлердің құжаттарын қабылдау жұмыстарына қатысты міндеттері:

7.2.1. Университет пен тиісті ел және қауымдастықтар, елшіліктер арасында хат алмасу жұмыстарын жүргізеді. Ұйымдастыру комиссиясының шешімі негізінде ЖОО дейінгі дайындық факультетін деканаты талапкерлердің құжаттарын қабылдау жұмыстарына жауапты.

7.2.2. Ұйымдастыру комиссиясы құжат тапсыру ережелерін анықтайды.

7.2.3. Құжат тапсыру ережелерін және тиісті елдер мен қауымдастықтарға берілген контингенттерді наурыз айының ішінде университеттің *web* сайтына жариялайды.

7.2.4. Шетелдік студенттерді (тыңдаушы) іріктеу мақсатында талапкерлердің құжаттарын қабылдау наурыз-маусым айлары аралығында «Online» түрінде жүргізіледі. «Online» арқылы өтініш бермеген талапкерлердің құжаттары қабылданбайды.

7.2.5. Университет оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлерінен құралған қабылдау комиссиясы талапкерлерден төмендегі құжаттарды қабылдап алады.

- 1) Өтініш;
- 2) Диплом (аттестат);

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің-6 ші беті</b>

- 3) Транскрипт (диплом қосымшасы);
- 4) Мемлекеттік емтихан сертификаты (егер бар болса);
- 5) Төлқұжат (аяқталу мерзімі ең кемі 2 жыл);
- 6) Ұсыным хат немесе уәждемелік хат (соңғы бітірген оқу орынан);
- 7) Талапкердің уәждемелік хаты;
- 8) Соңғы 6 айда түсірілген фотосурет.

9) Мемлекетіндегі өкілетті мекеме тарапынан берілетін тұрғылықты мекен-жайы туралы заңды тұрғыдағы анықтама.

7.3.Қабылдау комиссиясы шілде айының 01-15 күндері аралығында барлық құжаттарды қарап шығады және әрбір талапкерге қатысты ұсыным хат пен уәждемелік хаттары туралы қорытынды жазып, ұйымдастыру комиссиясына ұсынады.

7.4.Ұйымдастыру комиссиясы Қабылдау комиссиясы ұсынған талапкерлерден шілде айының 16-25 күндер аралығында «Online» тест қабылдауын ұйымдастырады. Online-тест өткізетін пәндер тізімі Ұйымдастыру комиссиясымен бекітіледі. «Online» тест сұрақтары 4-тілде (қазақ, түрік, орыс, ағылшын) құрастырылады.

7.5. Ұйымдастыру комиссиясы талапкерлердің аттестатының (диплом) орта балына, «Online» тест нәтижесіне және қабылдау комиссиясының қорытындысына қарап студентті (тыңдаушы) берілген **қосымшаға** сәйкес іріктейді.

7.6.Ұйымдастыру комиссиясы студент (талапкер) іріктеу туралы отырысы шілде айының 25-31 күндері аралығында өткізіледі. Егер контингент толмай қалған жағдайда екінші іріктеу жұмыстары қыркүйек айының алғашқы аптасына дейін жүргізіледі.

7.7.Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан іріктелген талапкерлер, университеттің ректоры және ректор өкілі бекітуімен ЖОО дейінгі дайындық факультетіне қабылданады.

7.8.Студент (тыңдаушы) іріктеу жұмыстарының нәтижесі, университеттің ректор және ректор өкілі бекіткен күннен бастап ең кеш дегенде бір апта ішінде талапкерлерге хабарланады және орналастырылған талапкерлерге оқуға қабылданған туралы құжат жіберіледі. Сондай-ақ нәтижелер университеттің web сайттарында да жарияланады.

7.9.ЖОО дейінгі дайындық факультетінде оқу күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады. Сабақ 1 қазаннан басталады. Оқыту мерзімі 9 айды құрайды.

7.10.Қазақстан Республикасының ТТЕ гранты дайындық курсына оқитын тыңдаушыларды GPA балына әрі қарай бірінші курсқа мамандықтарға орналастыру жұмыстары ЖОО дейінгі дайындық факультетімен Ұйымдастыру комиссиясы тарапынан конкурстық негізде жүргізіледі.

## **8. Түркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан өтініш білдірген талапкерлердің құжаттарын бағалау және онлайн тест қабылдау тәртібі**

8.1 Түркия Республикасы және Түрік тілдес елдер мен қауымдастықтардан өтініш білдірген талапкерлердің құжаттарына балл мен онлайн тест балы талапкерлердің рейтингін анықтайды.

8.2.«ЖОО дейінгі дайындық факультетінде студенттерді (тыңдаушыларды) қабылдау» ережесіне 7.5 тармағына сәйкес талапкерлерден аттестат (диплом) орта балына, онлайн тест нәтижесіне және қабылдау комиссиясының қорытындысына қарап студент (тыңдаушы) іріктейді. Талапкер құжаттар мен онлайн тестті бағалау бойынша 100 балдың 50 %-ын талапкер құжаттары құраса, онлайн тест 50 %-ын құрайды (Қосымшадағы 1 кесте).

8.3.Құжат тапсырған талапкерлер «ЖОО дейінгі дайындық факультетінде студенттерді (тыңдаушыларды) қабылдау» ережесінің 7.2.5 тармағында көрсетілген міндетті құжаттары толық болмаған жағдайда конкурсқа қатыса алмайды.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің-7 ші беті</b>

8.3.1.Талапкер құжаттарына берілген 50%-дың 40%-ы аттестат не диплом орта балына, ал 10%-ы уәждемелік хатқа беріледі.

8.3.2.Аттестат не диплом орта балы 100 балдық бағалау жүйесіне (аттестат не дипломының орта балын 20-ға көбейту арқылы) айналдырылады және 40%-ы алынып, есептеледі. (Қосымшадағы 2-кесте)

8.3.3.Уәждемелік хаттарды комиссия мүшелері оқиды және критерилер бойынша 10 балдық жүйемен бағалайды. (Қосымшадағы 3-кесте).

8.4.Онлайн тест:

8.4.1.Түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан тыңдаушы қабылдау барысында талапкерлерден онлайн тест қабылданады. Ұйымдастыру комиссиясы онлайн тест өткізілетін пәндер тізімін және сұрақ көлемін айқындайды. Онлайн тестте 1 сұраққа 2 балл беріледі. Онлайн тест тапсырмалары 100%-дық бағалау жүйесімен есептеліп, оның 40%-ы алынады. (Қосымшадағы 1,4,5-кестелерде айқындалған).

8.4.2.Онлайн тест сұрақтарын Академиялық мәселелер жөніндегі департамент тиісті кафедралардан жауапты оқытушы-профессор құрамын белгілеп, дайындатады. Тест сұрақтарын әзірлеуші кафедра сұрақтардың және олардың жауап нұсқаларының дұрыстығына, грамматикалық, синтаксистік, семантикалық және де басқа қателеріне жауап береді.

8.4.3.Онлайн тест сұрақтарын «Ақпараттық технологиялар» орталығының мамандары онлайн тест қабылданатын компьютерлік жүйеге енгізеді.

8.4.4.Онлайн тест белгіленген күндері Астана уақыты (GMT+6) бойынша 11:00 мен 18:00 аралығында жүргізіледі және берілген уақыт аралығында онлайн тест тапсыруға бір-ақ рет мүмкіндік беріледі.

8.4.5.Онлайн тест туралы ақпарат талапкер тіркелген электронды поштасына жіберіледі. Онлайн тест туралы ақпаратта онлайн тест тапсыратын сайт сілтемесі, талапкер логині мен құпия сөзі, мерзімі мен уақыты ең кемі 2 күн бұрын 4 тілде (қазақ, түрік, ағылшын, орыс) жіберіледі.

8.5.Емтихан аяқталған соң «Ақпараттық технологиялар» орталығы емтихан нәтижесін қабылдау комиссиясына береді.

## **9.Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын тыңдаушыларды іріктеу тәртібі**

9.1.Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ және Тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын тыңдаушылардың өтініш құжаттарын қабылдау ережесі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №554 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарынан кейінгі білім департаментін 06.08.2018ж. №14-3/738 дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес қабылданады.

9.2.ЖОО дейінгі дайындық факультетінде оқу арнайы ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Сабақ 1 қазаннан басталады. Оқыту мерзімі 9 айды құрайды.

## **10. Оқуға қабылданған білімгерлерді тіркеу тәртібі**

10.1.Ректорат тарапынан университетке (оқуға) қабылданғаны туралы өздеріне хабарландыру жасалған шетелдік студенттер (тыңдаушы), талап етілген құжаттарды қазақ немесе орыс тілінде 20-тамыз бен 5-қыркүйек аралығында ЖОО дейінгі дайындық факультетінің деканатына тапсырып, тіркеледі. 5-қыркүйекке дейін құжаттарын тапсырмаған талапкерлер тіркеуге алынбайды (оқуға қабылданбайды).

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің-8 ші беті</b>

10.2.Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан қабылданған Түркия Республикасы азаматтарының құжаттары ЖОО дейінгі дайындық факультетінің деканатына тапсырылады.

10.3.Түркия Республикасы және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген талапкерлер, университетке тіркелу (оқуға қабылдану) үшін мына төмендегі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- 1) Өтініш.
- 2) Ұйымдастыру комиссиясының шешімі.
- 3) Диплом және диплом қосымшасының (транскрипция) түпнұсқасы.
- 4) Нотариуспен расталған диплом (аттестат) және диплом (аттестат) қосымшасының (транскрипция) көшірмесі (2 дана).
- 5) Нотариуспен расталған төлқұжат көшірмесі (2 дана)
- 6) Соңғы бітірген оқу орнынан мұрағаттық анықтама мен орта арнаулы және жоғары білімі бар талапкерлер үшін бітірген оқу орнының лицензия көшірмесі.
- 7) Талапкердің денсаулық сақтау мекемелерінен алған жұқпалы және басқа да аурумен ауырмайтындығын растайтын анықтаманың түпнұсқасы және оның нотариуспен расталған аудармасы.
- 8) 6 дана 3x4 фотосурет.
- 9) 086 –У нысанындығы медициналық анықтама.

10.4 Қазақстан Республикасында үш айдан артық уақыт аралығында білім алатын шетелдік студенттер СПИД-ке қарсы тексеруден өтеді.

## **11.Қабылдауға байланысты басқа да жұмыстарды жүргізу тәртібі**

### **11.1.Виза алу жұмыстары**

11.1.1.Түркия Республикасынан және басқа елдерден университетке (оқуға) қабылданған студенттерге кіру-шығу визасы Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен, шығындары студент тарапынан төлену шартымен университеттің «Визамен қамтамасыз ету және шетелдік студенттермен жұмыс жүргізу» орталығы арқылы алынады.

### **11.2.Шәкіртақы негіздері**

11.2.1.Қазақстан Республикасының тарапынан Білім және ғылым министрлігі белгілеген грант негізінде шәкіртақы алады.

11.2.2.Түркия Республикасынан және түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан келген студенттерге (тыңдаушы) бөлінген Қазақстан Республикасының мемлекеттік грант орындары толмаған жағдайда, контингенттер арасында өзгерістер жасалып, гранттар бөлінеді.

11.2.3.Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ және Тілдік даярлық деңгейін арттыру үшін оқитын тыңдаушыларға бөлінген Қазақстан Республикасының мемлекеттік грант орындары толмаған жағдайда, контингенттер арасында өзгерістер жасалып, гранттар бөлінеді.

11.2.4.Қазақстан Республикасының тарапынан Білім және ғылым министрлігі белгілеген шәкіртаға қосымша Түркия Республикасының бюджеті есебінен «түркі тілдес елдер мен қауымдастықтардан» келген студенттерге (тыңдаушы) ҚР грантына сәйкес мөлшерде шәкіртақы беріледі.

## **12. Ережеде қарастырылмаған жайттар**

12.1.Жоғарыдағы ережеде қарастырылмаған жайттар Қазақстан Республикасының заңдарына қарай реттеледі.



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің–9 ші беті</b>

### **13. Өзгерістерді енгізу тәртібі**

13.1. Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.  
СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

### **14. Келісу, сақтау және тарату**

14.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

14.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі ЖОО дейінгі дайындық факультетінің деканына жүктеледі.

14.3. Осы университет ережесінің бақылау данасын сапа және рейтинг орталығына сақтауға беріледі.

### **КЕЛІСІЛДІ**

**Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі  
вице-президенті**

**Ө.Үмбетов**

**Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа  
орталығының басшысы**

**Ж.Дарибаев**

**Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы**

**А.Әбсеметов**

**Білімгерлерді қабылдау мәселесі бойынша  
ректор кеңесшісі**

**Е.Төлегенов**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-006-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	
<b>ЖОО дейінгі дайындық факультетіне студенттерді (тыңдаушы) қабылдау ережесі</b>		<b>11 беттің–10 ші беті</b>

### ҚОСЫМША-1

1-кесте. Талапкер құжаттары мен онлайн тестті бағалау балының бөлінісі

№	Құжат атауы	Пайыздық бөлінуі
1	Аттестат не диплом орта балы	40%
2	Уәждемелік хат	10%
3	Онлайн тест	50%
<b>Жалпы</b>		<b>100%</b>

2-кесте. Аттестат не диплом орта балының 100 балдық жүйеге айналдыру үлгісі

№	Орта балл	Көбейтілуі	Пайыздық бөлінуі
1	5	5*20=100	100*0,40=40
2	4,82	4,82*20=96,4	96,4*0,40=38,56
3	3,33	3,33*20=66,6	66,6*0,40=26,64

3-кесте. Уәждемелік хатты бағалау критеріі

№	Уәждемелік хат	Балы
1	Уәждемелік хатты дұрыс толтыруы (атауы, кіріспе, дамуы, қорытынды).	2 балл
2	Өзі туралы қысқаша ақпарат: а) Отбасы, оқу жағдайы; ә) Әуестігі (спорт, музыка, жеке шығармашылығы, т.б.); б) Шетел тілін білуі (дәрежесі), халықаралық жарыстарда алған марапаттары.	2 балл
3	Ахмет Ясауи университетін не үшін таңдады? а) Өз еліндегі бір университетте оқымауының себебі; ә) Ахмет Ясауи университетін не үшін таңдады және қайдан ақпарат алғаны туралы.	4 балл
4	Ахмет Ясауи университетіне қабылданған жағдайда университеттегі оқу және болашаққа қатысты жобасы	2 балл
<b>Жалпы</b>		<b>10 балл</b>

4-кесте.Онлайн тест тапсыратын пәндер тізімі мен олардың сұрақ бөлінісі, бөлінген уақыты

№	Пән атауы	Өту балы	Сұрақ саны	Уақыты (минут)
1	Логикалық тест тапсырмалары	7	25	37,5
2	Логикалық математика	7	25	37,5
<b>Жалпы</b>		<b>14</b>	<b>50</b>	<b>75</b>

5-кесте.Онлайн тестті бағалау жүйесі

№	Түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтар	2 (қанағатсыз)	3 (қанағатлық)	4 (жақсы)	5 (үздік)
1	Онлайн тест	0-14	15-29	30-44	45-50

